

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Бала тәрбиесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.10.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/53389/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тіл үйрету мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмыстарының негізі болуға тиіс. Өйткені баланың сөздік қорының нығаюы оның танымдық қабілетін арттырып, ой-өрісін кеңейтеді. Бала сөйлеуді үйрене келе, айналадағы дүниені танып, біледі. Көрген-білгенін басқаларға сөз арқылы жеткізіп, тілдеседі. Осының өзі оның білім-дағдысының молайып, күнделікті өмірден алған әсерінің нығая түсуіне себеп болады. Тіл-баланың жеке тұлға ретінде қалыптасу барысында, ой-өрісін, ақыл-парасатын, адамгершілігін, эстетикалық сезімін жетілдіру міндеттерін жүзеге асырудың ең басты құралы. Бала тілін дамытып, қалыптастыруда ұлтымыздың ауыз әдебиетінің тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегілері, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ-жаңылтпаштары әдеби көркем тілмен беріледі. Халық шығармаларының мән-мағынасын түсіндіріп, баланың тіл әлеміне деген қызығушылығын арттыру қажет. Сондықтан балаларды жастайынан ауыз әдебиетіндегі ертегі-аңыздарды т.б шығармаларды оқуға дағдыландырып, қызығушылығын ояту арқылы, өзгеге оқыған ертегісінің мазмұнын айтуды, баланы дұрыс сөйлеуге, тілі келмейтін дыбыстар мен сөздерді анық айтуға жаттықтыру-тіл мамандарының және ата-ананың міндеті.

Тіл-халықтың ажары, базары, бағы. Жас ұрпақтың көзін ашып, есін білгеннен бастап өзіміздің мемлекеттік тілге бет бұрғызып, халқымыздың рухында тәрбиелеу-заман талабы.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.